

«First Heartland Jusan Bank» АҚ

ОВЕРДРАФТ АЛУҒА ӨТІНІШ-ӨТІНІМ  
(БҰДАН ӘРІ – ӨТІНІМ)

\_\_\_\_\_ к.

\_\_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ 20 ж.

[бұдан әрі «Қарыз алушы» деп аталатын \_\_\_\_\_ сериясы  
№ \_\_\_\_\_ Жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы куәлік негізінде  
әрекет етуші **Жеке кәсіпкер** тегін, атын, әкесінің атын (болған жағдайда) көрсету]<sup>1</sup>,

[бұдан әрі «Қарыз алушы» деп аталатын Қарыз алушы- шаруа (фермерлік)  
қожалығының атауын көрсету Шаруа (фермерлік) қожалығы атынан шаруа қожалығы  
қызмет ету үшін негізге алған құжатты көрсету негізінде әрекет етуші өкілдің тегін, атын,  
әкесінің атын (болған жағдайда) толық көрсету]

[бұдан әрі «Бірлесіп қарыз алушы» деп аталатын Бірлесіп қарыз алушының ұйымдық-  
құқықтық формасын және атауын толық көрсету атынан уәкілетті өкіл әрекет ету үшін  
негізге алған құжатты көрсету негізінде әрекет етуші лауазымын көрсету Тегін, атын,  
әкесінің атын толық көрсету мырза (ханым)]

[бұдан әрі «Бірлесіп қарыз алушы» деп аталатын [\_\_\_\_\_ сериясы  
№ \_\_\_\_\_ Жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы куәлік негізінде  
әрекет етуші]<sup>2</sup> **Жеке кәсіпкер** тегін, атын, әкесінің атын (болған жағдайда) толық көрсету],

[бұдан әрі «Бірлесіп қарыз алушы» деп аталатын Бірлесіп қарыз алушы-шаруа  
(фермерлік) қожалығының атауын көрсету Шаруа (фермерлік) қожалығы атынан шаруа  
қожалығы қызмет ету үшін негізге алған құжатты көрсету негізінде әрекет етуші өкілдің  
тегін, атын, әкесінің атын (болған жағдайда) толық көрсету]

[бұдан әрі «Бірлесіп қарыз алушы» деп аталатын Тегін, атын, әкесінің атын (болған  
жағдайда) толық көрсету мырза (ханым)]

егер басқа Бірлесіп қарыз алушылар болған жағдайда оларды тиісті нөмірлермен көрсету  
келесі абзац барлық Бірлесіп қарыз алушыларды ескере отырып баяндалсын

[Қарыз алушы және [Бірлесіп қарыз алушы] [Бірлесіп қарыз алушылар] бірлесіп бір  
тарапты білдіреді, бұдан әрі осы Өтінімнің мәтіні бойынша бірлесіп «Қарыз алушы» деп  
аталады, бұндай кезде Өтінімдегі «Қарыз алушыға» жасалған сілтемелердің барлығы Қарыз  
алушыны, [Бірлесіп қарыз алушыны,] [Бірлесіп қарыз алушыларды] бірге және әрқайсысын  
бөлек тұспалдайды, бұндай кезде «Қарыз алушының» барлық құқықтары мен міндеттері  
Қарыз алушыға, [Бірлесіп қарыз алушыға,] [Бірлесіп қарыз алушыларға] бірдей дәрежеде  
қатысты болады. Қарыз алушы, [Бірлесіп қарыз алушы,] [Бірлесіп қарыз алушылар] осы  
Өтінімге қол қою арқылы осы Өтінімнің талаптарын тиісті түрде орындау міндеттемесіне ие  
болады және осы Өтінім бойынша міндеттемелерді орындау үшін толық ортақ  
жауапкершілікте болады.]<sup>3</sup>

[Қарыз алушы және [Бірлесіп қарыз алушы] [Бірлесіп қарыз алушылар] және «First  
Heartland Jusan Bank» АҚ (бұдан әрі – Банк) арасында жасалған 20 ж. \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_ Бас  
кредиттік келісімнің (бұдан әрі – Келісім) шарттарына, қаржыландыру шарттарының

<sup>1</sup> Осы Өтінімнің мәтіні бойынша тік жақшада көрсетілгендердің барлығы мәміленің мәніне, Банктің тиісінше уәкілетті органының/тұлғасының шешімі болуына және т.б. байланысты қабылданады немесе алынып тасталады. Өтінім мәтінінен тік жақшада көрсетілген жекелеген тармақтарды/тармақшаларды алып тастау кезінде, қажет болғанда Өтінімнің келесі тармақтарының/тармақшаларының реттік нөмірлерін өзгерту қажет. Бұндай кезде кіріспе бөлімде Бірлесіп қарыз алушылар ретінде бас кредиттік келісім жасалған барлық тұлғалар көрсетіледі.

<sup>2</sup> жеке кәсіпкер 2017 жылдың 1 қаңтарына дейін тіркелген жағдайда қолданылады.

<sup>3</sup> Бірлесіп қарыз алушылар болған кезде қолданылады.

Банктің [www.jysanbank.kz](http://www.jysanbank.kz) интернет-ресурсында және \_\_\_\_\_ ж. № \_\_\_\_ « \_\_\_\_\_ » және \_\_\_\_\_ ж. № \_\_\_\_ « \_\_\_\_\_ » газеттерінде жарияланған Үлгі ережелерге сәйкес (бұдан әрі – Үлгі ережелер) келесі шарттарда овердрафт беруді өтінеді.

Осы Өтінімде қолданылатын терминдер және бас әріппен жазылған анықтамалар егер басқасы осы Өтінімде және/немесе Үлгі ережелерде анықталмаса, Үлгі ережелерде анықталған мағынаға ие.

**1. Овердрафт сомасы және валютасы:** овердрафт сомасын санмен көрсету (овердрафт сомасын жазбаша көрсету) (овердрафт валютасын көрсету).

**2. Овердрафт мерзімі:** овердрафт нақты берілген күннен бастап пайдалану мерзімін санмен көрсету (пайдалану мерзімін жазбаша көрсету).

**3. Сыйақы мөлшерлемесінің түрі, сыйақы мөлшерлемесінің жылдық пайыздағы мөлшері, Өтінім беру күніне сыйақы мөлшерлемесінің шынайы жылдық тиімді салыстырмалы есептеудегі мөлшері:** мөлшерлеме түрін көрсету (тіркелген немесе құбылмалы) пайыздық сыйақы мөлшерлемесі өтелмеген овердрафт сомасынан жылдық сыйақы мөлшерін санмен көрсету (сыйақы мөлшерін жазбаша көрсету) пайыз, Өтінімді беру кезінде ұсынылатын овердрафт бойынша жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі жылдық тиімді сыйақы мөлшерін көрсету пайызды құрайды. Жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесінің мөлшері оны есептеу үшін қажетті мәліметтер өзгерген жағдайда түзетілуі мүмкін. Сыйақыны есептеу Қарыз алушының овердрафты нақты алған күнінен бастап жүргізіледі және овердрафты пайдаланған күндер санына, 360 күнге тең жылдағы күндер санына және пайдаланудың бірінші күнін қоса алғанда және соңғы күнді алып тастағандағы айдағы нақты күндер санына байланысты есептеледі.

**[4. Құбылмалы сыйақы мөлшерлемесін есептеу тәртібі:** құбылмалы сыйақы мөлшерлемесі қарастырылған жағдайда, осындай сыйақы мөлшерлемесін есептеу тәртібін көрсету.]

**5. Овердрафты және сыйақыны өтеу әдісі:**

(Банктің уәкілетті органының хаттамалық шешіміне сәйкес төменде көрсетілген әдістердің бірі көрсетіледі (керексізін алып тастау))

- «First Heartland Jusan Bank» АҚ-та ашылған Қарыз алушының ағымдағы шотына түсетін барлық ақшаны олардың түсу шамасына қарай алу (есептен шығару) арқылы;

- транштың әрекет ету мерзімінің соңында, бірақ Овердрафт бойынша лимиттің әрекет ету мерзімі аяқталғанға дейін кешіктірмей;

- Банк пен Қарыз алушы арасындағы келісім бойынша анықталған және Банктің уәкілетті органының хаттамалық шешімінде көрсетілген өзге мерзімде.

**6. Овердрафты және сыйақыны уақтылы өтемегені үшін тұрақсыздық төлемін (айыппұл, өсімақы) есептеу тәртібі мен мөлшері:** Овердрафт және/немесе сыйақы сомасын өтеу мерзімін кешіктірген кезде тұрақсыздық төлемінің (айыппұл, өсімақы) мөлшері мерзімі кешіктірілген 90 (тоқсан) күннің ішінде мерзімі кешіктірілген әр күн үшін мерзімі кешіктірілген төлем сомасынан 0,5 % (нөл бүтін оннан бес) пайызды/тұрақсыздық төлемінің мөлшерін санмен көрсету (тұрақсыздық төлемінің мөлшерін жазбаша көрсету) пайызды<sup>4</sup> (керексізін алып тастау) құрайды, мерзімі кешіктірілген 90 (тоқсан) күн өткеннен кейін мерзімі кешіктірілген әр күн үшін мерзімі кешіктірілген төлем сомасынан 0,03% (нөл бүтін жүзден үш) пайызды/тұрақсыздық төлемінің мөлшерін санмен көрсету (тұрақсыздық төлемінің мөлшерін жазбаша көрсету) пайызды<sup>5</sup> (керексізін алып тастау), бірақ осы Өтінімнің әрекет ету кезеңінде әр жыл үшін овердрафт сомасынан 10% (он пайыздан) аспайтын мөлшерді құрайды.

<sup>4</sup> Қарыз берушінің уәкілетті органының шешіміне/кредит беру бағдарламаларының шарттарына сәйкес тұрақсыздық төлемінің мөлшерін көрсету, бұндай кезде тұрақсыздық төлемінің мөлшері 0,5 % аспауы тиіс.

<sup>5</sup> Қарыз берушінің уәкілетті органының шешіміне/кредит беру бағдарламаларының шарттарына сәйкес тұрақсыздық төлемінің мөлшерін көрсету, бұндай кезде тұрақсыздық төлемінің мөлшері 0,03 % аспауы тиіс.

Овердрафт сомасын қайтару және (немесе) сыйақыны төлеу бойынша міндеттемелерді бұзғаны үшін тұрақсыздық төлемінің (айыппұл, өсімақы) шекті мөлшері мерзімі кешіктірілген 90 (тоқсан) күннің ішінде мерзімі кешіктірілген әр күн үшін мерзімі кешіктірілген төлем сомасынан 0,5 (нөл бүтін оннан бес) пайыздан, мерзімі кешіктірілген 90 (тоқсан) күн өткеннен кейін мерзімі кешіктірілген әр күн үшін мерзімі кешіктірілген төлем сомасынан 0,03 (нөл бүтін жүзден үш) пайыздан, бірақ осы Өтінімнің әрекет ету кезеңінде әр жыл үшін овердрафт сомасынан 10 (он ) пайыздан аспауы қажет.

**7. Овердрафт беруге және ол бойынша қызмет көрсетуге байланысты өндіріп алынатын комиссиялардың және өзге де төлемдердің тізбесі, мөлшері және төлеу тәртібі:**

**[-(комиссия мөлшерін санмен, жазбаша және оны төлеу тәртібін/төлем көзін көрсету) комиссия.]**

**[-(төлем атауын, мөлшерін санмен, жазбаша және оны төлеу тәртібін/төлем көзін көрсету)]<sup>6</sup>**

**8. Овердрафты, сыйақыны өтеу мерзімділігі және тәртібі:**

Овердрафты, сыйақыны өтеу, сондай-ақ овердрафт алуға және ол бойынша қызмет көрсетуге байланысты комиссияларды және алынатын басқа да төлемдерді өтеу «First Heartland Jusan Bank» АҚ-та ашылған Қарыз алушының ағымдағы шотына Овердрафт бойынша лимиттің әрекет ету кезеңінде түсетін барлық ақшаны Банктің алуы (есептен шығаруы) арқылы қолма-қол ақшасыз тәртіпте жүргізіледі. Овердрафты және есептелген сыйақыны толық өтеу Овердрафт бойынша лимиттің әрекет ету мерзімнен кешіктірмей жүргізіледі. Овердрафты пайдалану үшін сыйақы есептеу есептеу әдісімен жүргізіледі. Қарыз алушы овердрафты алу күнінде берілген овердрафтың толық сомасын өтеген жағдайда сыйақы бір күн үшін есептеледі.

Қарыз алушы осы Өтінімде көрсетілген мерзімнен кешіктірмей осы Өтінімге сәйкес алған овердрафты тиісті ақша сомасын Банкке аудару арқылы қайтаруға және сыйақыны төлеуге, сондай-ақ Банкке Қарыз алушының банктік шоттарына түсетін ақшаны Қарыз алушының Банк алдындағы берешегін өтеу үшін есептен шығару (алу) құқығын ұсынады.

[Овердрафты шетел валютасында беру кезінде тұрақсыздық төлемдері және комиссия сомаларын есептеу овердрафт ұсынылған шетел валютасында жүргізіледі, ал Келісім бойынша тұрақсыздық төлемдерінің (айыппұл, өсімақы) және комиссиялардың сомасын Қарыз алушы Қарыз берушіге шетел валютасын (овердрафт берілген) айырбастаудың нарықтық құны бойынша анықталатын сомада, сәйкесінше, тұрақсыздық төлемдерін немесе комиссияларды төлеу күніне тұрақсыздық төлемдері және комиссиялар сомасын теңгеден шетел валютасына (овердрафт берілген) айырбастау бойынша Банк комиссияларының сомасын ескеру арқылы теңгеде төлейді.]<sup>7</sup>

Қарыз алушы овердрафты өтеу үшін өз ағымдағы шотына демалыс күні салған ақша овердрафт бойынша берешекті өтеу күні болып табылатын демалыс күнінен кейінгі бірінші жұмыс күні овердрафт бойынша берешекті өтеу есебіне ағымдағы шоттан алынады (есептен шығарылады). Бұл кездегі демалыс күндері: сенбі, жексенбі (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің негізінде демалыс күндерін ауыстыруға байланысты сенбі және/немесе жексенбі жұмыс күндері болып жарияланған жағдайлардың басқасынан), мереке күндері, демалыс күндері болып жарияланған күндер.

**9. Осы Өтінім бойынша қамтамасыз ету Келісімде көрсетілген.**

**10. Қолданыс мерзімі.** Осы Өтінім оған Тараптар қол қойған күннен бастап күшіне енеді және Қарыз алушы мен Банк осы Өтінім бойынша барлық міндеттемелерін толық орындағанға дейін әрекет етеді.

**11. Овердрафт беру тәртібі.**

<sup>6</sup> Овердрафты беру және ол бойынша қызмет көрсетуге байланысты өндіріп алынатын комиссиялардың және басқа төлемдердің толық тізбесін, сондай-ақ олардың мөлшерін көрсету қажет

<sup>7</sup> Овердрафт теңгеде берілген жағдайда алынып тасталады

Овердрафт Қарыз алушының «First Heartland Jusan Bank» АҚ филиалдың атауын көрсету № шот нөмірін көрсету ағымдағы шотына аудару арқылы беріледі және ақша Қарыз алушының жоғарыда көрсетілген ағымдағы шотына есепке алынған сәттен бастап ұсынылған болып саналады.

[төлем карточкасының түрін көрсету төлем карточкасы шығарылғаннан кейін № «First Heartland Jusan Bank» АҚ-тың Жеке тұлғаларға банктік шот ашу және қызмет көрсету, кредиттік карточка беру және қызмет көрсету және қарыз беру туралы шартының (бұдан әрі – Банктік шот ашу туралы шарт) негізінде овердрафт сомасы оны ағымдағы шоттан № төлем карточкасын пайдалану арқылы төлем жүргізуге арналған банктік шоттың нөмірін көрсету банктік шотына аудару арқылы беріледі.

Овердрафт бойынша лимит шеңберінде транш Қарыз алушының жоғары көрсетілген ағымдағы шотына ақша есепке алынған сәттен бастап берілген болып саналады.]<sup>8</sup>

## 12. Тараптардың жауапкершілігі

12.1. Қарыз алушы Үлгі ережелерде, Келісімде және осы Өтінімде белгіленген өз міндеттемелерін орындамаған және/немесе тиісті түрде орындамаған кезде Банкке Үлгі ережелерде, Келісімде және осы Өтінімде анықталған мөлшерлерде тұрақсыздық төлемін (өсімақы, айыппұл) төлеуге міндеттенеді.

12.2. Қарыз және/немесе сыйақы өтеу мерзімі кешіктірілген кезде тұрақсыздық төлемінің (өсімақы) мөлшері мерзімі кешіктірілген 90 (тоқсан) күннің ішінде мерзімі кешіктірілген әр күн үшін мерзімі кешіктірілген төлем сомасынан 0,5 пайызды (нөл бүтін оннан бес) пайызды/(тұрақсыздық төлемінің мөлшерін санмен көрсету (тұрақсыздық төлемінің мөлшерін жазбаша көрсету)<sup>9</sup> (керексізін алып тастау) құрайды, мерзімі кешіктірілген 90 (тоқсан) күн өткеннен кейін мерзімі кешіктірілген әр күн үшін мерзімі кешіктірілген төлем сомасынан 0,03 (нөл бүтін жүзден үш) пайызды/(тұрақсыздық төлемінің мөлшерін санмен көрсету (тұрақсыздық төлемінің мөлшерін жазбаша көрсету)<sup>10</sup> (керексізін алып тастау), бірақ осы Өтінімнің әрекет ету кезеңінде әр жыл үшін овердрафт сомасының 10 (он) пайызынан аспайтын мөлшерді құрайды.

ерекше шарттар болмаған жағдайда және Банктің уәкілетті органының шешімінде олардың орындалмағаны үшін тұрақсыздық төлемдері болмаған жағдайда 12.3-тармақты алып тастау

12.3. Қарыз алушы келесі міндеттемелерді орындамаған және/немесе тиісті орындамаған кезде Банкке:

Осы Өтінімнің 14-тармағы тармақшаларының нөмірлерін және төмендегі абзацтарға сәйкес оларды бұзу үшін тұрақсыздық төлемі (өсімақы, айыппұл) мөлшерін көрсету қажет:

- осы Өтінімнің 14-тармағы тармақша нөмірін көрсету тармақшасында қарастырылған міндеттемелер бойынша мерзімі кешіктірілген әр күн үшін Банктің уәкілетті органының шешіміне сәйкес көрсету сомасынан 0,01 (нөл бүтін жүзден бір) пайыз / Банктің уәкілетті органы белгілеген тұрақсыздық төлемінің өзге мөлшерін көрсету мөлшерінде тұрақсыздық төлемін (өсімақы) төлеуге;

- осы Өтінімнің 14-тармағы тармақша нөмірін көрсету тармақшасында қарастырылған міндеттемелер бойынша Банктің уәкілетті органының шешіміне сәйкес көрсету сомасынан 0,5 (нөл бүтін оннан бес) пайыз / Банктің уәкілетті органы белгілеген тұрақсыздық төлемінің өзге мөлшерін көрсету мөлшерінде тұрақсыздық төлемін (айыппұл) төлеуге міндеттенеді.

<sup>8</sup> Овердрафт төлем карточкасын пайдалану арқылы төлемдерді жүргізуге арналған ағымдағы шотқа аудару арқылы ұсынылған жағдайда көрсетіледі.

<sup>9</sup> Банктің уәкілетті органының шешіміне/кредит беру бағдарламаларының шарттарына сәйкес тұрақсыздық төлемінің мөлшерін көрсету, бұл кезде тұрақсыздық төлемінің мөлшері 0,5 % аспауы тиіс.

<sup>10</sup> Банктің уәкілетті органының шешіміне/кредит беру бағдарламаларының шарттарына сәйкес тұрақсыздық төлемінің мөлшерін көрсету, бұл кезде тұрақсыздық төлемінің мөлшері 0,03% аспауы тиіс.

### **13. Тараптардың құқықтары және міндеттері**

**13.1.** Тараптар Үлгі ережелерде, Келісімде және осы Өтінімде анықталған құқықтарын басшылыққа алады және міндеттерін орындайды.

#### **13.2. Банк құқылы:**

1) осы Өтінімге сәйкес төленуі тиіс сомаларды өтеу мерзімі басталған кезде, сондай-ақ Банкте осы Өтінімде қарастырылған өзге де сомаларды төлеу талабы пайда болған жағдайда, аталған сомаларды Қарыз алушының осы Өтінімнің 13-тармағында көрсетілген ағымдағы шотынан алуға (есептен шығаруға), ал осы Өтінімде қарастырылған сомаларды төлеу мерзімін бұзған кезде уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісімен белгіленген тәртіппен Қарыз алушының талабы бойынша ашылған банктік шоттарындағы мемлекеттік бюджеттен және (немесе) Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін жәрдемақы мен әлеуметтік төлемдер түріндегі Қарыз алушының алатын ақшасын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңында қарастырылған тұрғын үй төлемдері, тұрғын үй төлемдерін пайдалану есебінен жинақталған тұрғын үй құрылыс жинақ ақша түрінде тұрғын үй құрылыс жинақ банкердегі банктік шоттарда орналасқан ақшаны, нотариус депозиті шарттарында салынған ақшаны және Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі туралы» Заңына сәйкес жасалған білім беру жинақ ақша шарты бойынша банктік шоттардағы ақшаны қоспағанда, осы сомаларды Қарыз алушының Банкте, басқа банкерде және/немесе Қазақстан Республикасында банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын өзге ұйымдарда ашқан кез келген банк шоттарынан, соның ішінде Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес төлем талапты ұсыну арқылы алуға (есептен шығаруға);

2) Үлгі ережелерде және Келісімде қарастырылған басқа да құқықтарды жүзеге асыруға.

*Осы тармақтың келесі тармақшаларында Банктің уәкілетті органының шешіміне сәйкес Банктің басқа құқықтарын көрсетуге болады*

#### **13.3. Қарыз алушы құқылы:**

1) Өтінім бойынша берешекті өтеу шотына түскен ақшаны (негізгі қарыз, сыйақы, комиссиялар, тұрақсыздық төлемдеріне, айыппұлдар мен айыппұл санкцияларының өзге түрлеріне, сондай-ақ өзге де төленуі тиіс сомаларға) бөлу туралы ақпаратты жазбаша формада айына 1 (бір) реттен жиі емес, ақысыз, 3 (үш) жұмыс күнінен аспайтын мерзім ішінде өтініш бойынша алуға;

2) осы Өтінім бойынша ұсынылған ақшаны Қарыз берушіге мерзімінен бұрын толық немесе ішінара қайтару жөніндегі өтініш бойынша – 3 (үш) жұмыс күнінен аспайтын мерзім ішінде жазбаша формада мерзімі кешіктірілген төлемдерді көрсетіп, негізгі қарыз, сыйақы, комиссиялар, тұрақсыздық төлемі және айыппұл санкцияларының өзге түрлеріне, сондай-ақ төленуі тиіс өзге сомаларға бөлумен қайтаруға тиесілі сома мөлшері туралы мәліметті ақысыз алуға;

3) Үлгі ережелерде және Келісімде қарастырылған басқа да құқықтарды жүзеге асыруға.

*Осы тармақтың келесі тармақшаларында Банктің уәкілетті органының шешіміне сәйкес Қарыз алушының басқа құқықтарын көрсетуге болады*

#### **13.4. Банк міндеттенеді:**

1) Осы Өтінім бойынша міндеттемелерді орындау мерзімінің кешіктірілуі болған кезде, бірақ ол басталған күннен бастап отыз күнтізбелік күннен кешіктірмей Қарыз алушыға осы Өтінімде қарастырылған мерзімде және тәсілмен мерзімі кешіктірілген берешек мөлшерін көрсету арқылы осы Өтінім бойынша төлемдерді енгізу қажеттілігі туралы және Қарыз

алушының осы Өтінім бойынша міндеттемелерді орындамау салдары туралы хабарлауға. Банк Қарыз алушыға хабарлау үшін коллекторлық агенттікті тартуға құқылы;

2) Қарыз алушының өтініші бойынша Өтінім бойынша берешекті өтеу шотына түскен ақшаны (негізгі қарыз, сыйақы, комиссиялар, тұрақсыздық төлемдеріне, айыппұлдар мен айыппұл санкцияларының өзге түрлеріне, сондай-ақ өзге де төленуі тиіс сомаларға) бөлу туралы ақпаратты жазбаша формада айына 1 (бір) реттен жиі емес, ақысыз, 3 (үш) жұмыс күнінен аспайтын мерзім ішінде ұсынуға;

3) Қарыз алушының осы Өтінім бойынша ұсынылған ақшаны Банкке мерзімінен бұрын толық немесе ішінара қайтару жөніндегі өтініші бойынша мерзімі кешіктірілген төлемдерді көрсетіп, негізгі қарыз, сыйақы, комиссиялар, тұрақсыздық төлемі және айыппұл санкцияларының өзге түрлеріне, сондай-ақ төленуі тиіс өзге сомаларға бөлумен қайтаруға тиесілі сома мөлшері туралы мәліметті 3 (үш) жұмыс күнінен аспайтын мерзім ішінде ақысыз ұсынуға;

4) Үлгі ережелерде және Келісімде қарастырылған басқа міндеттемелерді орындауға;

**Банктің уәкілетті органының шешіміне сәйкес осы тармақтың келесі тармақшаларында Банктің басқа міндеттемелерін көрсетуге болады**

### **13.5. Қарыз алушы міндеттенеді:**

1) Үлгі ережелерде және Келісімде қарастырылған басқа міндеттемелерді орындауға;

**Банктің уәкілетті органының шешіміне сәйкес осы тармақтың келесі тармақшаларында Қарыз алушының басқа міндеттемелерін көрсетуге болады**

**14. Ерекше шарттар: (ерекше шарттар болмаған жағдайда келесі редакцияда баяндалсын «18. Ерекше шарттар жоқ»).**

### **15. Тараптардың деректемелері:**

**[ҚАРЫЗ АЛУШЫ:** \_\_\_\_\_ жеке кәсіпкер, **қарыз алушының пошталық индексін, тұрғылықты мекенжайын, хабарлама және талаптар жолдауға арналған мекенжайын, байланыс телефонын, электронды пошта мекенжайын, көрсету, берген органды және берілген күнін көрсету** берген жеке куәлік (төлқұжат) № \_\_\_\_\_. [\_\_\_\_\_ ж. «\_\_\_\_\_» \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы куәлік,]<sup>11</sup> ЖСН **ЖСН № \_\_\_\_\_ көрсету (бар болса), «First Heartland Jusan Bank» АҚ \_\_\_\_\_ филиалындағы ағымдағы шот № \_\_\_\_\_.]**

**[ҚАРЫЗ АЛУШЫ:** \_\_\_\_\_ шаруа (фермерлік) қожалығы, **Бірлесіп қарыз алушының пошталық индексін, тұрғылықты мекенжайын, хабарламаларды және талаптарды жолдауға арналған мекенжайын, байланыс телефондарын, электрондық поштасын көрсету, шаруа қожалығы әрекет ету үшін негізге алған құжатты көрсету, «First Heartland Jusan Bank» АҚ \_\_\_\_\_ филиалындағы ағымдағы шоты № \_\_\_\_\_]**

**[БІРЛЕСІП ҚАРЫЗ АЛУШЫ:** **Бірлесіп қарыз алушының заңды тұлғасының атауын және ұйымдық-құқықтық формасын көрсету, заңды мекенжайы Бірлесіп қарыз алушының пошталық индексін, орналасқан мекенжайын, байланыс телефондарын, электрондық поштасын көрсету, «First Heartland Jusan Bank» АҚ \_\_\_\_\_ филиалындағы ағымдағы шоты № \_\_\_\_\_ шоттың нөмірін көрсету, (қайта) тіркеу күнін көрсету № анықтаманың/куәліктің нөмірін көрсету** заңды тұлғаны мемлекеттік (қайта) тіркеу туралы анықтама/куәлік, БСН **БСН № \_\_\_\_\_ көрсету**

**[БІРЛЕСІП ҚАРЫЗ АЛУШЫ:** \_\_\_\_\_ жеке кәсіпкер, **Бірлесіп қарыз алушының пошталық индексін, тұрғылықты мекенжайын, хабарлама және талаптар жолдауға арналған мекенжайын, байланыс телефонын, электронды пошта мекенжайын, көрсету, берген органды және берілген күнін көрсету** берген жеке куәлік (төлқұжат) № \_\_\_\_\_. [\_\_\_\_\_ ж. «\_\_\_\_\_» \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы

<sup>11</sup> жеке кәсіпкер 2017 жылдың 1 қаңтарына дейін тіркелген жағдайда қолданылады.

куәлік,<sup>12</sup> ЖСН ЖСН № көрсету (бар болса), «First Heartland Jusan Bank» АҚ филиалындағы ағымдағы шот № \_\_\_\_\_.]

**[БІРЛЕСІП ҚАРЫЗ АЛУШЫ:** \_\_\_\_\_ шаруа (фермерлік) қожалығы, Бірлесіп қарыз алушының пошталық индекcін, тұрғылықты мекенжайын, хабарламаларды және талаптарды жолдауға арналған мекенжайын, байланыс телефондарын, электрондық поштасын көрсету, шаруа қожалығы әрекет ету үшін негізге алған құжатты көрсету, «First Heartland Jusan Bank» АҚ \_\_\_\_\_ филиалындағы ағымдағы шоты № \_\_\_\_\_]

**[БІРЛЕСІП ҚАРЫЗ АЛУШЫ:** Бірлесіп Қарыз алушының пошталық индекcін, тұрғылықты мекенжайын, хабарлама және талаптар жолдауға арналған мекенжайын, байланыс телефонын, электрондық поштасын көрсету, жеке куәлігі (төлқұжат) құжаттың №, берілген күнін және берген органын көрсету, «First Heartland Jusan Bank» АҚ филиал атауын көрсету филиалындағы ағымдағы шоттың № шот № көрсету, ЖСН ЖСН № көрсету (бар болса)].

**Қолдары:**

**Қарыз алушы:**

ТАӘ

(қолы)

МО (болған жағдайда)

**[Бірлесіп қарыз алушы:**

ТАӘ

(қолы)

МО (болған жағдайда)]

#### **БАНКТИҢ ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ**

«First Heartland Jusan Bank» АҚ, 010000, Нұр-Сұлтан қ-сы, Есіл ауданы, Сығанақ к-сі, 24, БСН 920140000084, ҚР ҰБ ЖСК KZ48125KZT1001300336, БСК TSESKZKA, КБЕ 14, 2021 жылғы 18 наурыздағы заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама, Кепілзат ұстаушының ресми интернет ресурсы - [www.jysanbank.kz](http://www.jysanbank.kz)

«First Heartland Jusan Bank» АҚ филиалының атауын көрсету, филиалдың орналасқан мекенжайын, пошталық индекcін, телефондарын көрсету, № анықтаманың берілген күні мен нөмірін көрсету Филиалды мемлекеттік тіркеу/қайта тіркеу туралы анықтама/куәлік БСН БСН № көрсету

**Банк:**

ТАӘ

(қолы)

МО

<sup>12</sup> жеке кәсіпкер 2017 жылдың 1 қаңтарына дейін тіркелген жағдайда қолданылады.